

"Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2008 жылғы 18 қаңтардағы N 19-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 29 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5118 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі N 237-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009.07.28 N 237-ө бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңының 6-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1782 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 18, 592-құжат, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1821 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2002 жыл, N 21, 619-құжат " Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы" 2002 жылғы 11 сәуірдегі N 78-ө; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2061 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2003

жыл, N 3, 776-құжат "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын анықтаудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы" 2002 жылғы 23 қазандағы N 246-ө; Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 2731 тіркелген және Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде жарияланған, 2005 жыл, N 19, 175-құжат "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы" 2004 жылғы 1 наурыздағы N 47-ө бұйрықтарымен; Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі міндетін атқарушының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4882 тіркелген, "Заң" газетінде жарияланған, 2007 жыл, N 176 "Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2002 жылғы 13 ақпандағы N 31-ө бұйрығына толықтыру енгізу туралы" 2007 жылғы 6 тамыздағы N 191-ө бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесінде:

10-тармағының екінші абзацы ", әлеуметтік қорғалмаған білім алушыларға және күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушыларға жалпы білім беретін мектептерді ағымдық ұстауға бөлінетін бюджеттік қаражаттың бір пайызынан кем емес мөлшерде қаржылық және материалдық жәрдем көрсетуге бағытталған қаражаттың есебінен көрсетілетін ыстық тамақ пен көмектің және азық-түлік өнімдері бағасының өсуіне байланысты аз қамтамасыз етілген азаматтарға көрсетілетін ақшалай немесе заттай түрдегі көмектің құны" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

К Е Л І С І Л Д І :

*Қазақстан Республикасы
Статистика агенттігінің*

төрағасы

2008 жылғы 21 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК